

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңында

Баланың аты –жөні: Охонов Исмаил

Туған жылы: 23.08.2022жыл

Топ: «Арман»

Мақсаты: танымдық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс (ірі және ұсақ моторика), әлеуметтік-эмоциялық дамуын бақылау арқылы анықтау; баланың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін, зейінін, ойлауын, есте сақтауын, сөздік қорын, қимыл координациясын және ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас деңгейін бағалау.

p/c	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p>Танымдық даму Мақсаты: баланың сөздік қорын, ойлауын, түстер мен пішіндерді ажыратуын бақылау. Тапсырмалар: -«Не артық?» ойыны (3–4 суреттің ішінен артық затты табу) -Түстерді ажырату (қызыл, көк, сары) -Пішіндерді көрсету (дөңгелек, шаршы) -Жануарлардың дауысына ажырату</p>	<p>Артық затты психологтың көмегімен тапты. Түстері бойынша сұрыптайды, анық сөйлемегендіктен, сұраққа түстерді көрсету бойынша түсіндірді, түстерде шатасты.</p> <p>Пішіндерді көрсетті Жануарлардың суреті бойынша дыбыстарын дыбыстап берді, әр дыбыс қай жануарға сәйкес екенін көрсетті. Тапсырмаларды кей кезде тез-тез атқарып тастағысы келеді.</p>
2	<p>Ұсақ моторика Мақсаты: саусақ қимылдарын, қол икемділігін дамыту. Тапсырмалар: -Саусақ жаттығулары -Ермексазды илеу, домалату -Дайын суретті бояу -Моншақтізу -Қағазды жырту, умаждау</p>	<p>Саусақ жаттығуы кезінде шатасты, және тапсырма кезінде басқа іс әрекеттерге көңілін бөледі. Ермексаздан илеп домалақ пішін жасай алды, кей кездері көмек күтеді. Дайын суретті бояуға саусақ икемділігі әлсіз, тапсырманы толық аяқтағысы келмейді. Моншақтарды түсі бойынша сәйкестендіріп жинады. Қағаздарды жыртып, умаждап қоқысқа лақтырарда сәл қиындық тудырады.</p>
4	<p>Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын, эмоциясын бақылау.</p> <p>Тапсырмалар: -Амандасу, қоштасу -«Көңіл-күйді көрсет» ойыны -Қуандым/ренжідім суреттерін көрсету -Қарапайым нұсқауды орындау («алыпкел», «отыр», «бер»)</p>	<p>Амандасу, қоштасу рәсімін біледі. Айнадағы суреттің көңіл-күйін көрсете алды. Шатасады. Нұсқаулықты орындайды. Ашушаңдық байқалады, тапсырмаларды өзім істеймін деп ренжиді.</p>

Даму деңгейі

Танымдық даму деңгейі: орташа деңгейде қалыптасуда

Исмайл пішіндерді ажырата алады, жануарлардың дауыстарын танып, сәйкес жануарды көрсете білді. Түстерді ажырату кезінде киналады, кейбір түстерді шатастырады. «Не артық?» тапсырмасын психологтың көмегімен орындады. Тапсырмаларды орындауда асығыстық байқалады, кейде жұмысты тез аяқтауға ұмтылады.

Ұсақ моторикасының даму деңгейі: орташа деңгейде

Саусақ жаттығуларын орындау кезінде шатасады және зейіні тұрақсыз. Ермексазбен жұмыс жасауда қарапайым пішіндер жасай алады, бірақ кейде ересектің көмегін күтеді. Бояу кезінде қол қимылдарының икемділігі жеткіліксіз, жұмысты соңына дейін аяқтауға қызығушылығы төмен. Моншақтарды түстеріне қарай сәйкестендіріп жинай алады. Қағазды жырту және умаждау тапсырмаларында аздаған қиындықтар байқалады.

Әлеуметтік-эмоциялық даму деңгейі: орташа деңгейде

Амандасу және қоштасу дағдылары қалыптасқан. Көңіл-күйді сурет арқылы көрсете алады, бірақ эмоцияларды ажыратуда кейде шатасады. Қарапайым нұсқауларды орындайды. Тапсырма барысында ашушандық байқалады, өздігінен орындауға ұмтылып, көмекті қабылдауда қарсылық көрсетуі мүмкін.

Ұсыныстар

-Түстерді ажырату дағдысын күнделікті ойындар арқылы бекіту (түстер бойынша сұрыптау, түсті заттарды атау).

-«Не артық?», «Не өзгерді?», «Тап та көрсет» сияқты танымдық ойындарды жиі ұйымдастыру.

-Ұсақ моториканы дамыту мақсатында ермексазбен жұмыс, саусақ жаттығулары, моншақ тізу, мозаика құрастыру жұмыстарын жүйелі жүргізу.

-Бояу, сызық бойымен жүргізу, жапсыру жұмыстарын күнделікті орындауға мүмкіндік жасау.

-Тапсырманы соңына дейін орындауға ынталандырып, жетістіктерін мадақтап отыру.

-Эмоцияларды тану және атау бойынша суреттермен, айнамен ойындар өткізу.

-Зейін тұрақтылығын дамыту үшін қысқа әрі қызықты тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру.

-Ашулану және ренжу жағдайларында эмоциясын сөзбен жеткізуге үйрету, жағымды мінез-құлықты қолдау.

-Ересектермен және құрдастарымен бірлескен ойындарға қатыстыру арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Қорытынды: Исмайлда танымдық және әлеуметтік-дағдылардың негізгі элементтері қалыптасқан. Дегенмен түстерді ажырату, зейінді тұрақтандыру, ұсақ моторика және эмоцияларды ажырату бағыттарында қосымша дамыту жұмыстары қажет. Жүйелі түзете-дамыту жұмыстары арқылы аталған дағдыларды жетілдіруге болады.

Зерттелген күні: 27.04.2026 жыл

Педагог-психолог Каменова Жанар Забинуллоевна